

“2020 жылға Жалағаш ауданы бойынша пробація қызметінің есебінде тұрған адамдарды және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 10 қаңтардағы №5 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 30 шілдедегі № 104 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 тамызда № 7568 болып тіркелді

“Құқықтық актілер туралы” Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. “2020 жылға Жалағаш ауданы бойынша пробація қызметінің есебінде тұрған адамдарды және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 10 қаңтардағы № 5 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №7210 болып тіркелген, 2020 жылғы 23 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1, 2-қосымшалары, осы қаулының 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданының әкімі

А. Шаменов

Жалағаш ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 30 шілдесі № 104 қаулысына 1-қосымша
Жалағаш ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 10 қаңтардағы №5 қаулысына 1-қосымша

2020 жылға Жалағаш ауданы бойынша пробація қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Жұмыскерлердің тізімдік санынан квотаның көлемі (пайыз)	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны (адам)
1	“Бірлік-А” шаруа қожалығы	15	6,6	1
2	“Бірлік-1” шаруа қожалығы	10	10,0	1
3	“Туған жер” шаруа қожалығы	10	10,0	1

БАРЛЫҒЫ		3
---------	--	---

Жалағаш ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 30 шілдесі № 104 қаулысына 2-қосымша
Жалағаш ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 10 қаңтардағы №5 қаулысына 2-қосымша

2020 жылға Жалағаш ауданы бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Жұмыскерлердің тізімдік санынан квотаның көлемі (пайыз)	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны (адам)
1	“Ер-Әлі” шаруа қожалығы	35	2,85	1
	БАРЛЫҒЫ			1